

## Нұрым жыраудың лингвопоэтикалық табиғаты

### Кіріспе

Ұзақ жылдар бойына әрі қаншама ұрпақтың аузымен ауызша жырлануына қарамастан, суырып –салма жыраулардың ғажайып қабілетінің арқасында, халықтың өзінің ата –бабаларының ерліктері туралы өлең, жырларға, аңыздар мен ертегілерге деген махаббатының арқасында ескі жыр, аңыздардың барлығы күні бүгінге дейін бәз қалпында таза өзгеріссіз сақталып келді [1; 18 ].

Қазақ халқының мәдениет тарихында жыраулық дәстүрдің алатын орны ерекше. Ауыз әдебиеті мен жазба мәдениетіміздің арасын жалғайтын алтын көпір ретінде XV – XIX ғасырларда туып қалыптасқан жыраулар шығармашалағы қазақ халқының шешендік, суырыпсалмалылық қасиеттерін, жанкештік қабілетін, әншілік өнерін , философиялық терең даналығын бойына сіңіріп, кейінге жеткізген тұтас бір дәуірдегі ұлттық рухани, мәдени болмысымызды танытатын ерекше феномен болып табылады.

Жыраулық сөз саптау, сөз қолдану, тілді танымды қалыптастырудың құралы ретінде қолдану әдістері тек ұлттық тіл шеңберінде емес, әлемдік лингвистиканың теория тұжырымдарымен сабақтасып, **тіл –ойлау –дүние** арақатынасы туралы пайымдауларға өзіндік үлес қосады. Жыраулар поэтикалық қана емес, танымдық, философиялық тұлға болғандықтан , тіл мен ойлау, тіл мен таным арақатынасына байланысты ой –түйіндер жыраулардың өз пайымдаулары арқылы да дәйектеледі.

Жырау –әрі автор, әрі тыңдаушы, әрі белгілі бір мәдениет түрін жасаушы, әрі оны сақтап кейінгі ұрпаққа жеткізуші, ең бастысы тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен адамдық фактор қарым –қатынасын бір өзіне жинақтаған лингво –психологиялық , лингво –философиялық болмыс иесі [2, 1].

Нұрымның жырлау шеберлігі жайлы Қадір Жүсіп өз мақаласында: «Нұрым Шыршығұлұлы – батырлық жырларды таратушы және өрнекті түрде дамыта жырлаушы. Нұрым өзі өмір сүрген заманға сын көзімен қарап, ел азаматтарын жақсы мінез-құлыққа үгіттеп, жақсы қасиеттерді насихаттайды. Ақын адам ғұмырының кезең-кезеңдерін жырлап, әрқайсысына мінездеме берген және ғұмыр мәңгілік емес екендігін көркем тілмен айта білген. Оның жырлары халықтығымен, бұқараның айнымас арын жырлаушы, жоғын жоқтаушы болғандығымен көрінеді.» -деп сипаттама беріп кетеді.

Нұрым шығармашылығын терең зерттеп жеткізген, теориялық тұрғыдан түсінік беруші Қабиолла Сыдиықұлы. Ол:«Нұрымның ақындық арынын әсіресе терме, толғауларынан танимыз. "Мен қашанғы жүйрігің...", "Ұсынсам, қолым

жетер ме", "Әлеумет, келдің қаумалап", т.б. терме, толғауларында Нұрым заман сырына үңіліп, көне жыраулар дәстүрімен адам өмірі, жастық, кәрілік, жақсылық, жамандық туралы толғанады. Дүние өтпелі, бұл өмірден шешен де, батыр да, сұлу да, ақын да өткен, ертең кәрілік келеді, жас шақта жалындап өт дейді жырау. Ол жалындау дегенде, өмірдегі жақсы мен жаманды салыстыра келіп, мағыналы – адамдық абзал жолды нұсқайды... [4, 1].

**1.1 Жырау поэтикасындағы концепт құрылымы.** Концепт – индивидтің, тілдік тұлғаның дүние, жаратылыс, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибиесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы негізінде) өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдап, қалыптастырған танымдық, білімдік жүйесі [2, 2].

Әрбір адамзат дүние жаратылыс жайлы бітпейтін сұрақтарға тап болып, оның жауабын табуға бас қатыратыны бізге аян. Жыраулар да **1) дүниені кім жаратты? 2) адам қалай жаратылды, 3) дүние неден тұрады? 4) дүниенің тірегі, мәні неде?** Деген сауалдарға жауап іздегенін өлең жолдарынан жиі кезіктіріп отырамыз.

Өлең сөздің күнделікті сөйлеу тілінен де, тіпті көркем қара сөзден де ерекшелігі – ол бейнелі (образды) сөздерге иек артады, ал бейнелі қолданыс әсерлі, экспрессиялы болып келеді... Ақындар, жыраулар, шешендер сол қорды жақсы пайдаланды. Осы қордың бір тобы тұрақты эпитетпен келген тіркестер: гауһар сөз, жақсы жол, жарық дүние, қара жер, түпсіз дария сияқтылары халық тілінде ертеден қалыптасқан бірліктер. Ал мұндай тұрақты эпитетті тіркестер – поэзия тілінің көріктеуіш құралдарының бірі, олардың бірқатары бір затты, құбылысты астарлап, өзгеше мағына беріп жатса, енді біреулері семалық реңк үстеп, семантикалық шеңберін кеңейтіп, не тарылтып көрсетеді [9,168].

Қазақ ортасына ислам дінінің таралуына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсынманшылдық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген [ 5, 1].

Өлең сөздің күнделікті сөйлеу тілінен де, тіпті көркем қара сөзден де ерекшелігі – ол бейнелі (образды) сөздерге иек артады, ал бейнелі қолданыс әсерлі, экспрессиялы болып келеді... Ақындар, жыраулар, шешендер сол қорды жақсы пайдаланды. Осы қордың бір тобы тұрақты эпитетпен келген тіркестер: гауһар сөз, жақсы жол, жарық дүние, қара жер, түпсіз дария сияқтылары халық

тілінде ертеден қалыптасқан бірліктер. Ал мұндай тұрақты эпитетті тіркестер – поэзия тілінің көріктеуіш құралдарының бірі, олардың бірқатары бір затты, құбылысты астарлап, өзгеше мағына беріп жатса, енді біреулері семалық реңк үстеп, семантикалық шеңберін кеңейтіп, не тарылтып көрсетеді [9, 168] .

Ал оны халықтың салтына, әдебіне, түсінігі мен дәстүріне қарай ыңғайлап, түсіндіріп, дәріптеу жүргізген жыраулар. Олар әрі ақындықты, әрі жыраулықты, әрі жыршылықты, әрі әншілікті, әрі қиссашының, әрі діндар адамның қызметін атқарған синкретті өнер иесі болған.

Нұрымның жыраудың діни сауаты да болған. Оған дәлел Нұрымның сұрақ-жауап түріндегі Абылмен және Қашағанмен болған екі айтысы. Мұнда ақындар дін туралы бір-бірінің білімділіктерін байқасқан. «Бала ишанға айтқанындада (Рахметолла ишанға)» діни ой толғамдарға толы.

Дүниені Алла жаратқан дей келіп оны мынадай сөз тіркестерімен берген:

**Жасаған Жаббар, Жан Ие..**

\*\*\*

Бісмiлла сөз бастайын, *Хақ-Жасаған...*


Бір *Құдай* әуеліде жаратқанда..

*Алла* нәсіп айдаса...

\*\*\*

Кім білсін ойланғанмен *Хақтың* ісін,

Көрінед аузыңды ашсаң меруерт тісің.



Дінге қатысты сөз тіркестері мен сөздер: әнбие, әулие, пақыр, пайғамбар, Алланың досты Мұхаммед, Шайтан неге шарасыз, қаза, Адам Ата, Хауа ана,

жалған пәни, Мекке шәрдің қасында Құрбанға шал Тасбих, тәуба, зікірсіз Ағузы, алхам әйет бар, Сан Пайғамбар, сахаба, Құран Шарипте, Лаухы менен махфозда, Періштелер жазыпты, Жұмақта дархан сарай бар, Әзірейіл хабар еткен күн, махшар күнінде, Сәжде - сауап қылмаған. Мұсылманды, пенде, Қараңғы жерде қабір бар, Иманды құлға тым жарық, тәкаббар болған бұлданып Сәжде - сауап қылмаған Жаймаған қолын азанға Алладан болған әмір бар.

**«Дүние» концептісі:**

Бұл дүниеге келген жан  
Бір Құдайдың мүлкі-ді.

\*\*\*

Бұрынғы өткен заманда.

Басыңнан дәурен бір өтсе  
Қайтадан дәурен құралмас.

\*\*\*


Машахат шеккен құлданып  
Солардан қалған сұм дүние.

\*\*\*

Дүнияны қызық деменіз  
Қырмызы қызыл түлкі-ді.

\*\*\*

Ұсынсам қолым жетер ме  
Қырдан асқан түлкідей,  
Қырмызы қызыл заманға.



Дүниені Алла жаратқан. Жаратылыстың басы-су. Дүниенің пайда болу, қалыптасу сатысы: 1) су>бу>аспан, жер>Адам, Лаухы, Ғалам, Абзал> он сезіз мың ғалам. Он сегіз мың ғалам: алты жәмәдәт, алты нәбәдәт, алты хайуанат: 2)Әузу, Әлхам; 3)Жұмақ, тозақ; 4) Арсы, күрсі [2, 3].

Жыр мәтінінде дүниенің көркемдік- идеялық концептісін дүниенің төрттік тірегі – аспан, жер, су, күн (жарық, нұр) байланыстылығында, бірлігінде алынып, ұлттық таным деңгейінде бейнеленген. Дүниенің өткінші екендігін, алла қалаған күні, сыйға берген жанын қайта тапсырар күн келетіндігін, өмірін сауап жасап, ізгілікті істер атқарып өткізгендерге жарық қағбасы бар жұмаққа баратындығын, сәжде жасамай, Алланың парызын орындамағанадар тозаққа барады дей келіп, адамдарды ізгілікке шақырған. Адамның өмір сүруі қоғамнан асып бармайды. Біз Нұрым жарудың толғауларынан халқымыздың мұсылман дінін ұстанғанның, оны елге насихаттап, жеткізуде жыраулардың үлкен рөл атқарғандығын байқаймыз. Қоғамға үлгілі өсиет атуымен қатар, елді ұйытып отырардай тәрбие беріп, жақсылыққа бағыттап отырған.

**Рухани –материалдық лексикасы .** Материалдық лексика қоғам өміріндегі адам өмірінің тіршілігін, салтын, тұрмысқа қажет құралын, саяси ахуалын және т.б дүниелерді танытады. Кез келген заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оның табиғатынан хабар береді. Ал, тану немесе анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдай аясында іске асатындықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты сан түрлі болады. Әр алуан ұжым бір затты өзінің күнделікті тәжірибесінде кездестіріп, қолданылатыны жағынан өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Яғни, атау беруде өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі зат түрінде тілде таңбаланып, бейнеленеді. Жырау лексикасында ХІХ ғасырдың тұрмыс – тіршілігін танытатын сөздер мен сөз тіркестері баршылық: *«Қағаз жаз деп қаламға, Өнерің ғылым болсын деп; Қайыра қамшы сермеме; Енді қайтып оралып, Босағанды көре алман; Бұқардың бұлы қымбат ақ ұнындай; Қаперсіз ерлер жатқанда, Қапыда түсті қақпанға; Сырлы аяқтың түбінен, Бал сыпырып жалаған; Қақ айырып қазанын, Балтаменен ояды; Сары ала тон, қылыш бау, Мың биенің нұлы бар. Қондырып биялайға томағалап, Құсбегі, қойдың қалай жіпсіз байлап?; Самаурын шай қайнаттың алтын сандық, Шай берсең шекер төгіп – о да сәндік; Қашаннан шынжырлысың үзілмеген. Беріштің талай қызы тоқал болды; Жұт болса, біздің елден тұқым қалады; Бір бай жоқ бұл Беріште жеті баулы, Беріштің бір өнері - ағаш кескен; Мал берсе, Беріш қызын бере берер; Қоян жыл о да қайтты қақтап жасық; Бұл қыз бен бұл төрені қайтеміз деп; Жиналып талай билер қылды кеңес; Ізгіден дұға, бата алған, Ананың сүтін ақтадың; Оралдан міндің*

*пойызға, От кеме, вагон арбаға, Қайтамын дедің, есендік Телгірам хабар-хат* алып. Таныс болған *орыстың Губірнатыр сортына*.

*Қағаз, қалам* лексикасы Нұрым жырау тұсында ғылымның өркендегенін, ауыз әдебиетімен қатар жазба әдебиеттің де дами бастағанын аңғарамыз. *Босаға, қамшы, жіп, сырлы аяқ* сөздері қазақ ұлтының тұрмысына пайдаланған заттарының бірі. «Босаға» түркілер үшін киелі ұғым, оған байланысты бірнеше наным – сенімдер, тиымдар, ырым – жоралғылар бар. Мысалы: «Босағада тұрма, босағаны керме». «Қамшы» көшпелі өмірде көп септігін тигізген құрал, әсіресе жылқы түлігін басқаруға өте ыңғайлы. Ұлттық ойынымыз көкпарда сәйгүлікті өз ырқына бағындыру үшін таптырмас құрал. «Сырлы аяқ» күнделікті тұрмыста ас ішуге арнап қолданылады. Әдетте қазақ халқы ас ішешін табаны ағаштан жасаған. Кейіннен көрші елдермен сауда – саттық қатынас орнап сырланған металдан жасалған ыдыстар біздің елге де келіп жеткен. *Қылыш, балта, шынжыр* жаугершілік заманда қолданылған соғыс жүргізу құралы. Жырау толғауларындағы жырларында әскери лексикаға байланысты сөздер тізбегі мол. Дегенмен жырау өз кезеңінің батырлығын жырлады ма, жоқ бұрын өткен ерлікті жырлады ма соны анықтау керек. Сол кезде ғана бұл сөздер қай ғасырға тән екендігін анықтап – біліп аламыз. *Тоқал алу, құсбегілік өнер, қалың мал беру, бай, кедей, төре* ұғымдары салтымызда орын алған, өмір сүру кәсібіне орай қолданылған сөздер. Қазақ жері аң мен құстың құтты мекені. Саят құру мақсатында, азық ету үшін де аң ауланған. Бүркіт, қаршыға секілді құстармен аң аулау қызықты және олжалы. Ал ол құстарды бабына келтіріп, күтім жасау керек. Бұл өнерді құсбегілік деп атайды. Жырау өмір сүрген тұста да бұл өнер күнделікті тұрмыста орын алған. *Пұл, самауырын шай, шекер* сөздері сауда саттықтың арқасында өзге жұрттың салтынан енген дәстүрлер. *Дұға, бата алу, ананың ақ тілегін орындау* үлкенге құрмет, ізгі ниет, ананы сыйлау, перзенттік борыш секілді адамгершіліктен байланысты айтылған сөздер. Қазақтың игі жақсылары бір жақсы іс бастамас бұрын үлкендерден бата алған. Берген ақылы, ізгі тілегі өміріне септігін тигізген. *Пойыз, от кеме, вагон арба, телеграмм, хат – хабар, губернатор* сөздері қазақтың төл сөздері емес, орыс тілінен енген кірме сөздер. Яғни орыс тілі біздің ұлт тіліне ене бастаған, ол саясаттың және қарым – қатынастың жиілей түскендігінің көрінісі.

**Жырау тіліндегі соны тіркестер.** Жырау тілін өзге авторлардан ерекшелеп тұратын оның тіл қолданысы. Ол екершелікті танытатын жыраудың соны тіркестері, авторлық лексика, кірме сөздер және т.б. Мұндай ерекшелік жырауларда біркелкі болмайды, оның себебі өмір сүрген дәуіріне, көтерген мәселесіне, ақындық шеберлігіне байланысты болып келеді. Оның біздің дәуірге жетіп – келуіне де мән аударғанымыз жөн. Өйткені онда жеткізуші тарапынан өзгерістер

енгізуі не болмаса өңдеп сол дәуірге тән лексикондар қолданылуы мүмкін. Біз Нұрым жыраудың тіліне ғана тән соны тіркестерді молынан ұшыратуымызға болады. Мұндағы соны тіркес дегеніміз өзгелерде кезіге бермейтін, автор тілін ерекшелендіріп тұратын, белгілі бір айшықты сөз тіркесін жасау мақсатына мәндері сәйкес емес тіркестердің қиуласып тіркесіп қолданылуы. Жырау лексикасындағы тіркестер ХІХ ғасырға тән болғандықтан кей сөздердің мәні көмескі болуына байланысты, түсіндірме сөздікке жүгіндік. Мысалы:

***Бедерің бес жасыңнан тұр бұзылмай.***

***Қып-қызыл екі бетің алмадайын,***

***Базарда бұлы қымбат қырмызыдай.***

***Асылдай ақ күмістен айырулы-ай,***

***Қасиетті бір мінезің абиұрлы-ай.***

***Ақ бетің ақ жауқазын айға меңзес,***

«Бедер» сөзін қазіргі авторлар көбінесе «жүз, бет» деп қолданады. Және оны заттық мағынада емес, «бедерлі» деген сындық мәнде кезігеді. Ал оның лексикалық мәні мынадай: *Бедер – 1.Бір нәрсенің бетіндегі әшекейлі бұдыр, бұр. 2.Жердің беткі қабаты.* «Екі бетің алмадайын» -теңеуі жыраулар тілінен бері келе жатқан тіркес екендігін байқаймыз. « қымбат қырмызыдай» -тіркесіндегі қырмызы(*қырмызы – ашық қызыл*) сындық мағынада емес, заттық мағынада қоланып тұр, өйткені теңеу жасалғанда бір затқа балап, ұқсастырып теңеледі. «Ақ бетің ақ жауқазын айға меңзес» -мұндағы бір ғана жүзді сипаттау үшін үш теңеуді (*ақ бетің, ақ жауқазындай, айдай*) қатар қолданғанын және автордың сөз қолданудағы шеберлікті көреміз. Бір шумақта сөздердің қайталанбауы үшін де оның синонимдік қатары түзілген. «Бедерің – ақ бетің» синонимдік қатар.

***Сөйлей гөр тілім, көмейім,***

Жыраулардың жыр айту сазы орындау шеберлігіне орай әр түрлі болған. Мына тіркеске қарап жырау көмейімен жыр айтқан деген болжам жасауға болады.

***Аяйын ба жел сөзді,***

***Бізге берген жорғалық***

***Тұрмайын енді бұлданып.***

Ақынның сөзі, өлеңі оны тыңдайтын орта үшін тегін, ешқандай шығым – пұлсыз деген идеяны түпқазық еткен жел сөз тіркесі жырауларда жиі қолданылады. Оларға жыршылық шеберлікті Алла бергендіктен жыр айтуды өзінің парызы деп түсінген.

*Күйкеннен бергі бауырда,*

*Екі жүз елу*

*Жәуміт келіп ұрынған.*

Мұндағы «күйкен» сөзінің мәні: *Күйкен - күйкентай 1, сияқты, кіп – кішкентай. 2. Орманды дала алқабын мекендейтін қырғи тұқымдас қыран құс –* деп келеді. Оның контекстік мағынасы мекен атуын білдіріп тұрғандығын көрсетіп тұр. Соған қарағанда бұл жер орманды алқап болып, күйкентай деген құс көп мекен етуіне байланысты, «Күйкенді» деген жер атауы берілуі мүмкін. Себебі қазақ тілінде осы секілді «Қарғалы», «Алмалы» деген мекен атаулары көп.

*Алла берген қайратын,*

*Талау тигір бәйге атқа.*

Талау -асқан жүйрік, асыл тұқымды мініс аты. Қазақ халқының күнкөрінісіне қажетті болған түліктің бірі жылқы малы. Оның үстіне қалқымыз әр заттың қасиетін сынап отырған. Мұндағы «талау» соның айғағы. Бұл қазіргі тілімізде пассивтелген, қолданысымызда жиі кездесе бермейтін сөз қолданысы.

**1.2. Салт –дәстүр және мәдени, рухани лексика.** Нұрымның бір топ өлеңдері тұрмыс-салт тақырыбында: "Әкесімен қоштасуы", "Той бастар", "Қалышқа көңіл айтуы", "Шенен ер", "Жарлау", т.б

**Қоштасу.** Нұрымның «Қоштасу» атты жыры ұзатылып бара жатқан қызға арналған. Ақын жат жұрттық болып бара жатқан қыздың сұлу келбетін, адамгершілігін, пәк мінезін таңдаулы сөздерімен шебер бейнелеген.

Қырымның жұрт жиылған қызығындай,

Бедерің бес жасыңнан тұр бұзылмай.

Қып-қызыл *екі бетің алмадайын,*

Базарда бұлы *қымбат қырмызыдай.*

Асылдай ақ күмістен айырулы-ай,

Қасиетті бір мінезің абиұрлы-ай.

*Ақ бетің ақ жауқазын айға меңзес,*

Бұқардың бұлы қымбат ақ ұнындай.

Ерке өстің ата-енеңе жасыңда, қыз,

Бұл күнде қосылғайсың асылға, қыз.

Қуалап дүние түбін малды ойласаң,

Бір күні өтер дәурен қапылда, қыз /3, 2/.

«Өлім, қайғы, мұң, шер» концептісін осы жыр –толғауларынан кезіктіреміз. Жырау поэтикасында логикалық – танымдық тәжірибеден жинақталған ақпатраттар жүйесі арқылы қалыптасқан, өлім туралы барлық адам



баласына ортақ стереотиптік танымдағы өлімнің сипаты (оның түпқазық сөздері – өлім, ажал, жан, қараңғы, көр, жер, қара, рух, тән, дүние, көшу, кету, өту т.б) жырда берілу сипаты: Бір өлімнің айласын, Шыбын жанның пайдасын, Ешкім ойлап таппаған), жыраудың субъектілік танымы енгіз болған, жырдың көркем табиғаты туғызған өлімнің суреті бар (поэтикалық құрылымында берілуі: *Бұл дүниеден* кеткен соң, Келмегі жоқ-ты қатынап; Нәрестен кетті қасыңнан, Терезе-әйнек секілді Сынған күні шатынап), сондай –ақ, адам өмірінде орын алатын өлімнің себептері мен салдарын сипаттайтын тіркестер мол және жырау поэтикасында жанды кеудеге қонақтаушы, шыбын жан, ол кетеді деп, себебін – уақытша өзгермелі болмыспен байланыстырады.

Батырлардың әңгімесі жалғыз батыр басының әңгімесі емес, жалғыз ғана бір адамның өмірі емес, солардың өмірімен бірге бір батырдың айналасына жиылған ел өмірі, тұтасқан ру өмірі көрінетін. Әрбір батыр әңгімесі әрбір рудың күшті болған кезі мен басынан әртүрлі қылып кешірген тарихи уақиғаларын білдіретін. Сондықтан ондағы әңгімелерде бір адамның өмірімен тұтас елдің өмірін көрсеткен, тұтас елдің тілеуі мен үмітін көрсеткендей, кең аудандылық болатын. Бір елдің барлық ішкі өмірі, сезім –қиялы бір [5, 5].

«Менің көңілім тынбайды,  
Осы жаумен тоғыспай,  
Араласып соғыспай,  
Қорқып қалсақ осы жерде  
Бір адайды келтірмес,  
Маңғыстау деген қонысқа-ай!

Нұрым көне заманнан бері ел арасында кең тараған ерлік дастандарды жүйелей, жаңғырта жырлаған.

«Балуаннияз» дастаны ақынның ірі шығармасы және шығармашылығының шыңы деуге болады. Ақын елі үшін еңіреген ер Балуаннияздың батыр тұлғасын жасаған. Жырда аса мән беріліп жырланатыны – басқыншылық, ел-елдің арасындағы осындай жаугершіліктің тоқтамай, жайбарақат өмір сүруге мүмкіндік бермей, елдің үздіксіз тынышын ала беретін осындай шапқыншылықты ұйымдастырушылыққа қарсы шыққан ақын көзқарасы айқын көрінеді. Дастан кейінгі ұрпақты ерлікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Нұрымның шығармашылығындағы ерекшелік – оның батырлар жырының бірқатарын кейінгі ұрпаққа жетуіне күш салған айтулы жыраулардың бірі екендігі /3, 3 /.

Жыраудың батырлар жырынан мынадай концептілерді көрсетуімізге болады: туған жер, қазақ жері, қазақ елі, аламан жұрт, ұлт намысы, жау, дұшпан,

достық,ерлік, батырық,бейбітшілік. Туған жер ел үшін ата –бабасынан мұраға қалып келе жатқан өзері үшін, ерекше «жұмақ, шұрайлы, еркіндіктің мекені , жайлы жер». Жырау поэтикасында туған жер: жер атауларымен; қырат, төбе атауларымен;халқы қоныс еткен жерлермен; өзен, көл атауларымен беріледі. Онда бізақы елдікті, тіршілікті, бақыттың символын, қазақы салтанатты, бейбітшіліктің тірегін, ерлердің қасиетін, қазақы намысты танимыз. Елді басқарған би-шешендерді, ел билеушілерін, ел тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тіккен батырлардың ерлік істерімен, елді ұйтып отырған сөз ұсталарын, ақындықты сүйіп қастерлеген ұлт тіршілін білеміз.

Жыраулардың тіліне тән сөз қолданысы, ол –**афоризмдер**. Афоризмдер қатарында түрліше концептілерге арқау бола алады. «Достық , адамгершілік, батырлық, ерлік, жаратылыс» және т.б концептілерін табуға болады. Жыраулардың афоризмдерінде мәні терең ой толғамдар мол. Біз қолданып жүрген мақал –мәтелдердің көбі осы афоризмдерден кезігіп жатады. Дүниенің болмысын, мәнін адамгершілік тұрғыдан философиялық тұрғыда көзқарасын білдірген.

Екі жақсы дос болса,  
Бірін-бірі қия алмас.  
Екі жаман дос болса,  
Бір мекенге сия алмас.

\*\*\*

Қас жаманға мал бітсе,  
Ебіменен жидым дер,  
Қас жаманнан ұл туса,  
Қатарымнан оздым дер.  
Бұ күнде өзім болдым дер.

\*\*\*

Дүние деген сары алтын,  
Әркімдерді алдаған.

\*\*\*

Екі достың арасын,  
Айырады оңбаған.

-деген халық арасына кең тараған мақал Нұрымның осы жырынан алынған екен. Ақын ой-тұжырымдарын төкпелете берген. Мысалы, мына келтірілгендер өмір шындығы екеніне дау бар ма? Мұның барлығы өсиет, тәрбие беретін жырлар.

## Қорытынды

Жырау поэтикасын тілдік ресурста қарастыру, бізге тілдегі жырау дүниетанымынан және өмір сүрген ортасы жайлы көптеген мәлімет алуымызға көп септігін тигізді. Жұмыс барысында жырау тіліндегі адамгершілік, адам жаған мәдениет, рухани құндылықтар мен ұлттық дәстүр қарастырылды.

Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі біздің зерттеуімізде жыраулар қолданысындағы тілдік бірліктермен қатар тілден тыс логикалық, танымдық, тарихи –мәдени фкаторларға, соған негізделген білім қорына негізделіп талдау жүргізу арқылы айқындалды. Мұндай когнитивтік құрылымдық бейне «дүниенің жаратылуы», «шынайы адамдыққа жету», «қайғы, мұңды жеңу», « адамдық негізі» секілді жырау поэтикасында танымдық дүние бейнелері қалыптасқан.

Біз жырау поэтикасы арқылы жырауға тән қасиеттер мен еркешеліктер, оның мүмкіндіктері мен қоғам өміріндегі беделі мен атқарған рөлінің маңыздылығына талдау жасалды.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы, 5-том. – Алматы, 2006 ж.
2. Б.Нұрдәулетова. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. Автореферат. –Алматы, 2008 ж.
3. Ана тілі // 2013 ж.
4. [www.kazadebiet.kz](http://www.kazadebiet.kz) / Қабиболла Сыдиықұлы «Ақ жаңбырдай ақтарылған» (1831 – 1908).
5. М.Әуезов. Әдебиет тарихы. –Алматы: «Ана тілі», 1991 ж.
6. Бес ғасыр жырлайды, 1-том. –Алматы: «Жазушы», 1989 ж.
7. [www.kazadebiet.kz](http://www.kazadebiet.kz)/ «Ақберен» жыр жинағы.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 2008 ж.
9. Рәбиға Сыздықова. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы, 2004 ж.